

"Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 9-3/271 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы № 496 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 12 желтоқсанда № 17921 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2021 жылғы 15 наурыздағы № 77 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.03.2021 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 9-3/271 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11008 болып тіркелген, 2015 жылғы 8 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ө. Шөкеев

Премьер-Министрінің орынбасары –

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Ақпарат
және коммуникациялар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

орынбасары –

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 10 желтоқсандағы
№ 496 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 30 наурыздағы
№ 9-3/271 бұйрығымен
бекітілген

Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға (бұдан әрі – дайындаушы ұйымдар) есептелген қосылған құн салығы (бұдан әрі – ҚҚС) шегінде бюджетке төленген ҚҚС сомасын субсидиялау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жеке шот – субсидиялауға арналған өтінімдерді тіркеу және олармен жасалатын операцияларды есепке алу мақсатында тіркелген адамды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін жазбалар жиынтығы.

2) көрсетілетін қызметтерді жеткізуші – мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділікті және оны сүйемелдеуді қамтамасыз ететін, облыстардың (қаланың) жергілікті атқарушы органдарының ауыл шаруашылығы басқармасы немесе Астана қаласының инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы (бұдан әрі – басқарма) айқындайтын адам;

3) өтінім – дайындаушы ұйымның есептелген ҚҚС шегінде бюджетке төленген ҚҚС сомасы мөлшерінде субсидиялар алуына арналған электрондық өтінім;

4) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялауға арналған өтінімдер туралы, сондай-ақ қарыз алушылар, қаржы институттары туралы мәліметтер жиынтығы және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде көрсетілген өзге де мәліметтер;

5) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі – субсидиялау процестерін орындау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған, "электрондық үкімет" веб-порталымен өзара іс-қимыл жасауға, субсидиялар алуға арналған өтінімді тіркеуге, сондай-ақ өтінімді субсидиялау шарттарына сәйкестігіне автоматты түрде тексеру арқылы оны өңдеуге мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып, ретке келтірілген жиынтығы;

6) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – Интернет желісінде орналасқан, субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділік беретін интернет-ресурс;

7) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы;

8) "электрондық үкіметтің" веб-порталы - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе.

3. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары (әкімдіктері) жыл сайын 1 наурызға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне (бұдан әрі – Министрлік) қажетті ақпаратты қоса бере отырып, алдағы қаржы жылына арналған субсидиялау сомаларына деген болжамды қажеттілікті ұсынады.

Басқарма ағымдағы жылы субсидиялауды алдыңғы жылдың қорытындысы бойынша жүзеге асырады.

4. Басқарма ағымдағы жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде веб-порталда Қаржыландыру жоспарын орналастырады

2-тарау. Субсидиялар алушылар

5. Субсидиялар Заңның 6-бабы 1- тармағының 41-1) тармақшасына сәйкес бекітілген агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарды аккредиттеу қағидаларында белгіленген тәртіппен облыстардың, республикалық

маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары (әкімдіктері) аккредиттеген дайындаушы ұйымдарға төленеді.

3-тарау. Субсидиялар алу шарттары

6. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) ҚҚС бойынша және корпоративтік табыс салығы бойынша есептік жыл үшін декларациялар тапсыру жөніндегі салықтық міндеттеме орындалғаннан және бюджетке төлеуге жататын ҚҚС сомасы толықтай төленгеннен кейін " электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық түрде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептелген ҚҚС шегінде бюджетке төленген ҚҚС сомасы мөлшерінде субсидиялар аударуға арналған өтінім (бұдан әрі – өтінім) беру;

"Электрондық үкімет" веб-порталының және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің өзара ақпараттық іс-қимылы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы өтінім берген кезде дайындаушы ұйым субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде шартты жеке шот ашады;

2) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде өтінімді тіркеу.

Субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде дайындаушы ұйымның жеке шоты болған жағдайда, ол субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде өтінімді өздігінен тіркеуді жүзеге асыруға құқылы, бұл жағдайда өтінім беру талап етілмейді және ол осындай тіркелген сәттен бастап берілген болып саналады;

3) деректері субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің "Заңды тұлғалар" мемлекеттік дерекқорымен өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде расталған, дайындаушы ұйымның субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде жеке шотының болуы;

4) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен электрондық шот-фактураларды қабылдайтын және өңдейтін ақпараттық жүйенің өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде дайындаушы ұйымдардың ауыл шаруашылығы өнімін өткізгенін растау (дайындаушы ұйымның өткен жылы берілген тиісті электрондық шот-фактурасының болуы);

5) Заңның 11-бабының 5-тармағында көзделген ауыл шаруашылығы өнімін өткізуден түскен жылдық жиынтық кірістің (есептік жылға) кемінде 90 пайызын құрайтын жылдық жиынтық кіріс сомасы, алдыңғы жылдың барлық салықтық кезеңдері үшін декларациялар бойынша төлеуге есептелген және есепке жазылған ҚҚС сомасы, субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен Қазақстан Республикасының интеграцияланған салықтық ақпараттық

жүйесінің өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде алдыңғы жылға есептелген ҚҚС шегінде төленген ҚҚС сомасы жөніндегі мәліметтерді растау.

4-тарау. Субсидияларды есептеу тәртібі

7. Дайындаушы ұйымдарға субсидиялар тиісті алдыңғы жылдың барлық салықтық кезеңдері үшін есептелген ҚҚС шегінде бюджетке төленген ҚҚС сомасы бойынша төленеді.

Субсидияларды есептеуді Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 1 қазандағы № 813 қаулысымен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға субсидияланатын қосылған құн салығы сомасының мөлшерін айқындау үшін қолданылатын, жеке қосалқы шаруашылықтан сатып алынған ауыл шаруашылығы өнімінің нақты көлемінің нормаларын ескере отырып, өтінімге қосымшаға сәйкес дайындаушы ұйым жүргізеді.

8. Егер, дайындаушы ұйым өткізген өнімнің нақты құны осы Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасына субсидияларды есептеу кезінде дайындаушы ұйым қолданатын ауыл шаруашылығы өнімі бірлігінің барынша жол берілетін құнынан жоғары болса, субсидиялар мөлшері барынша жол берілетін құнды пайдалана отырып есептеледі.

9. Егер, дайындаушы ұйым өткізген өнімнің нақты құны осы Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасына субсидияларды есептеу кезінде дайындаушы ұйым қолданатын ауыл шаруашылығы өнімі бірлігінің барынша жол берілетін құнынан төмен болса, субсидиялар мөлшері өнімнің нақты құнын пайдалана отырып есептеледі.

Бұл ретте, дайындаушы ұйым тиісті есептік жылдың барлық салықтық кезеңдері үшін декларациялар бойынша төлеуге есептелген ҚҚС сомасынан төмен ҚҚС сомасын төлеген жағдайда, субсидиялар мөлшері нақты төленген ҚҚС сомасына тең болады.

10. Дайындаушы ұйым тиісті есептік жылдың барлық салықтық кезеңдері үшін декларациялар бойынша есептелгеннен артық ҚҚС сомасын төлеген жағдайда, субсидиялар мөлшері есептік жылдың тиісті салықтық кезеңдері үшін декларациялар бойынша төлеуге есептелген ҚҚС сомасына тең болады.

5-тарау. Субсидияларды төлеу және субсидиялар шегінде алынған қаржы құралдарын қайтару тәртібі

11. Өтінім қабылдау дайындаушы ұйымның орналасқан жері (заңды мекенжайы) бойынша есептік жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанынан бастап 1 желтоқсаны (қоса алғанда) аралығында жүзеге асырылады.

12. Веб-портал арқылы тізілім деректеріне (бұдан әрі – Жеке кабинет) қолжетімділік беру үшін:

1) дайындаушы ұйымның субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде өз бетінше тіркелуі үшін ЭЦҚ-сы болады;

2) басқарма жыл сайын көрсетілетін қызметті жеткізушіге ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзекті етілген тізімдерін жібереді.

13. Дайындаушы ұйым Жеке кабинетте тіркелуі үшін мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) заңды тұлғалар және шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары (өкілдіктері) үшін: бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), толық атауы; бірінші басшының немесе Жеке кабинетте тіркелуге уәкілетті адамның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және ЖСН-сы.

2) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық почтасының мекенжайы);

3) екінші деңгейдегі банктің ағымдағы шотының деректемелері;

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген жағдайда, дайындаушы ұйым бір жұмыс күні ішінде Жеке кабинетке енгізілген жеке шоттың деректерін өзгертеді.

14. Өтінімді қалыптастыру және тіркеу Жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы Қағидалардың 6-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларының талаптарын субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің тексеруі үшін оған қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтінім қалыптастырылады;

2) өтінім субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде оған дайындаушы ұйымның ЭЦҚ-сы қойылу жолымен тіркеледі және басқарманың Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Басқарманың электрондық мекенжайына қарауға өтінім келіп түскені туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

Егер, басқарма төлем тапсырмаларын қалыптастырған сәтке дейін тіркелген өтінімде қателер анықталса, дайындаушы ұйым себебін көрсете отырып, өтінімді қайтарып алуға құқылы.

15. Басқарма өтінімді тіркеген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, тиісті хабарламаға қол қою жолымен оның қабылданғанын растайды. Осы хабарлама дайындаушы ұйымның субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде өз бетінше тіркелген жағдайда дайындаушы ұйымның Жеке кабинетінде қолжетімді болады.

16. Басқарма:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

17. Басқарма осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес өтінім қабылданғаны расталғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде веб-порталда "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидиялар төлеуге арналған төлем тапсырмаларын қалыптастырады.

Субсидиялар көлемі Қаржыландыру жоспарында тиісті айға көзделген бюджет қаражаты көлемінен асатын өтінімдер бойынша субсидиялар төлеу келесі айда кезектілік тәртібімен жүзеге асырылады.

Агроөнеркәсіптік кешен
саласындағы дайындаушы
ұйымдарға есептелген қосылған
құн салығы шегінде бюджетке
төленген қосылған құн салығы
сомасын субсидиялау
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Кімге: _____

(жергілікті атқарушы органның атауы)

Кімнен: _____

(дайындаушы ұйымның атауы)

Өтінім берген сәттегі өтінім берушінің мемлекеттік кіріс органдарында тіркеліп

есепке алынған орны: _____

_____ жыл үшін есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасы мөлшерінде субсидиялар аударуға арналған өтінім

Маған _____ жыл үшін есептелген қосылған құн салығы (бұдан әрі - ҚҚС) шегінде бюджетке төленген ҚҚС сомасы мөлшерінде _____ теңге көлемінде субсидия төлеуді сұраймын.

1. Дайындаушы ұйымның деректері:

Атауы _____

БСН _____

басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

мекенжайы _____

телефон (факс) нөмірі: _____

2. Дайындаушы ұйымның екінші деңгейлі банктегі ағымдағы шотының мәліметтері

БСН _____

Кбе _____

Банк деректемелері: _____

Банктің атауы: _____

БСК _____

ЖСК _____

3. Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші, ауыл шаруашылығы кооперативтері және дайындаушы ұйым арасындағы сатып алу-сату шарты жөніндегі мәліметтер:

Р/с №	Ауыл шаруашылығы өнімін сатушының атауы және ЖСН /БСН	Шарттың нөмірі	Шарттың жасалған күні	ҚҚС-мен бірге бағасы, теңге	Ауыл шаруашылығы өнімін сатушының орналасқан жерінің мекенжайы	Ауыл шаруашылығы өнімінің атауы	Өнім көлемі, килограмм	Төлеу мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1								
2								

4. Дайындаушы ұйымның ауыл шаруашылығы өнімінің өткізілгенін растайтын шот-фактуралары туралы мәліметтер:

шот-фактура нөмірі _____

берілген күні _____

ауыл шаруашылығы өнімінің атауы _____

өлшем бірлігі _____

ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі _____

ҚҚС-мен бірге бағасы (теңге) _____

бүкіл өткізу құны (теңге) _____

5. Салық декларациясынан алынған мәліметтер
(теңге)

1	Есептік жыл үшін декларациялар бойынша төлеуге есептелген ҚҚС сомасы
2	Есептік жыл үшін декларациялар бойынша бюджетке төленген ҚҚС сомасы
3	Есептік жыл үшін жылдық жиынтық кіріс сомасы
4	Есептік жыл үшін "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 5-тармағында белгіленген тізбе (бұдан әрі - тізбе) бойынша өнімдерді өткізуден түскен кіріс сомасы
5	Тізбе бойынша өнімдерді өткізуден түскен кірістің жылдық жиынтық кірістің жалпы сомасындағы үлес салмағы (кемінде 90 %)
6	Дайындаушы ұйымның шотына аударылатын субсидиялар сомасы
7	Мемлекеттік кірістер органдарының салық есептілігін қабылдағаны туралы деректемелері

Субсидиялар сомаларының есептемесі осы өтінімге қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса беріледі.

Ұсынылған ақпараттың дұрыс екендігін растаймын, дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді және өзге де ақпаратты жинауға, өңдеуге, сақтауға, жүктеп алуға және пайдалануға келісім беремін.

Тексеру кезінде ұсынылған мәліметтердің және субсидиялар сомалары есептемесінің сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, он жұмыс күні ішінде заңсыз алынған қаражатты қайтаруға міндеттенеміз.

20__ жылғы " __ " _____ сағат 00:00-де қол қойылып, өтінім берушіге жіберілді:

ЭЦҚ-дан алынған деректер

ЭЦҚ-ның қойылған күні және уақыты

Өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама:

20__ жылғы " __ " _____ сағат 00:00-де басқарма қабылдады:

ЭСК-дан алынған деректер

ЭЦҚ-ның қойылған күні және уақыты

Есептелген қосылған құн
салығы шегінде бюджетке
төленген қосылған құн салығы
сомасы мөлшерінде субсидиялар
аударуға арналған өтінімге

қосымша

Нысан

_____ жыл үшін субсидиялар сомаларының есептемесі

(теңге)

Р/с №	Электрондық шот-фактураның нөмірі	Толтырылған күні	Алушының атауы	Тауардың атауы	Саны (көлемі)	Тауар бірлігінің ҚҚС-сыз бағасы
1	2	3	4	5	6	7
1						
2						
3						

кестенің жалғасы

Тауардың ҚҚС-сыз құны	ҚҚС сомасы	Өнім бірлігінің ҚҚС-сыз барынша жол берілген құны	Өткізудің барынша жол берілген құны бойынша ҚҚС-сыз сомасы	ҚҚС сомасы	Субсидиялауға жататын ҚҚС сомасы*
8	9	10	11	12	13
8-баған= 6-баған x 7-баған	9-баған = 8-баған x 12%		11-баған = 6-баған x 10-баған	12-баған = 11-баған x 12%	1) егер 7-баған 10-бағаннан көп немесе тең болса, 13-баған= 12-баған; 2) егер 7-баған 10-бағаннан кем болса, 13-баған=9-баған

Ескертпе: * субсидиялауға жататын ҚҚС сомасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 1 қазандағы № 813 қаулысымен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға субсидияланатын қосылған құн салығы сомасының мөлшерін айқындау үшін қолданылатын, жеке қосалқы шаруашылықтан сатып алынған ауыл шаруашылығы өнімінің нақты көлемінің нормалары ескеріле отырып, салық төлеушінің жеке шоты бойынша есептік жылға есептелген ҚҚС шегінде бюджетке төленген ҚҚС сомасынан аспауы тиіс (Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау қағидаларына 1-қосымшаның 4-тармағына сәйкес мәліметтер).

Агроөнеркәсіптік кешен
саласындағы дайындаушы
ұйымдарға есептелген қосылған
құн салығы шегінде бюджетке
төленген қосылған құн салығы
сомасын субсидиялау
қағидаларына
2-қосымша

Есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасына субсидияларды есептеу кезінде дайындаушы ұйым қолданатын ауыл шаруашылығы өнімі бірлігінің барынша жол берілген құны

(теңге)

№	Тауардың атауы	Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім сыныптауышының кодтары	Өлшем бірлігі	Барынша жол берілген құны
1	2	3	4	5
1.	Тірі ірі қара мал		килограмм	471
2.	Тірі жылқылар және басқа да жылқы тұқымдас жануарлар	014310	килограмм	554
3.	Тірі түйелер және түйе тектестер	014410	килограмм	534
4.	Тірі қойлар мен ешкілер	014511, 014512	килограмм	480
5.	Тірі шошқалар	014610	килограмм	394
6.	Тірі үй құсы	01471	килограмм	266
7.	Тауықтың жаңа қабықты жұмыртқасы	014721	ондық	148

8.	Ірі қара малдың жас немесе салқындатылған еті	101111	килограмм	1 079
9.	Қойлардың, ешкілердің жас немесе салқындатылған еті	101113, 101114	килограмм	1 072
10	Шошқалардың жас немесе салқындатылған еті	101112	килограмм	846
11	Жылқылар мен жылқы тұқымдас жануарлардың жас немесе салқындатылған еті	101115	килограмм	1 240
12	Сүтті табындағы ірі қара малдың шикі сүті	014120	литр	78
13	Үй құсының жас немесе тоңазытылған еті	101210	килограмм	504
14	Картоп	011351	килограмм	55
15	Сәбіз	011341	килограмм	62
16	Қырыққабат	011312	килограмм	51
17	Баялды	011333	килограмм	70
18	Қызанақ	011334	килограмм	135
19	Қияр	011332	килограмм	99
20	Сарымсақ	011342	килограмм	420
21	Пияз	011343	килограмм	38
22	Қант қызылшасы	011371	килограмм	12
23	Алма	012410	килограмм	182

24	Алмұрт	012421	килограмм	249
25	Айва	012422	килограмм	450
26	Өрік	012423	килограмм	211
27	Шие	012424	килограмм	242
28	Шабдалы	012425	килограмм	259
29	Қара өрік	012427	килограмм	202
30	Түтілген жүн	101141	тонна	300 000
31	Ірі қара малдың терісі, иленбеген былғарысы	101142	бірлік	2 700
32	Жылқы тұқымдас жануарлардың терісі, иленбеген былғарысы	101142	бірлік	2 500